

Тауар белгілерін қолдан жасауды және зияткерлік меншік құқығын бұзатын адамдарды анықтау, сондай-ақ оларды әкімшілік және қылмыстық жауапқа тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қыркүйектегі N 929 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесінің 36.2-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тауар белгілерін қолдан жасауды және зияткерлік меншік құқығын бұзатын адамдарды анықтау, сондай-ақ оларды әкімшілік және қылмыстық жауапқа тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жарты жылдықтың қорытындылары бойынша 15 қаңтардан және 15 шілдеден кешіктірмей Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне оларды іске асыру барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жарты жылдықтың қорытындылары бойынша 25 қаңтардан және 25 шілдеден кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 8 қ ы р к ү й е к т е г і

N 9 2 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Тауар белгілерін қолдан жасауды және зияткерлік меншік құқығын бұзатын адамдарды анықтау, сондай-ақ оларды әкімшілік және қылмыстық жауапқа тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары

P/c N	Іс-шаралардың атауы	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5

1.	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы жұмысты талдауды ескере отырып, мүдделі тұлғалардың, қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен бірлескен рейдтік тексерулер жүргізу	Әділетмині (Қазақстан жинақтау), ПМ, ҚПА, Қаржымині, БП	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Жыл сайын 25 қаңтар, 25 шілде
2.	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес контрафактілік өнім өндірумен айналысатын астыртын цехтарды, оларды нарыққа түсіру және өткізу арналарын анықтау жөніндегі жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу	ҚПА (жинақтау), ПМ, Қаржымині	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ақпарат	Жыл сайын 15 қаңтар, 15 шілде
3.	Қазақстан Республикасының аумағына контрафактілік өнімді әкелуі мәніне көлік құралдарына бірлескен рейдтік тексерулер жүргізу	Қаржымині (Қазақстан жинақтау), ПМ	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ақпарат	Жыл сайын 15 қаңтар, 15 шілде
4.	Нормативтік және техникалық іс-шаралар кешенін қамтитын неғұрлым қолдан жасауға ұшырайтын тауарлардың (алкогольдік, темекі, фармацевтикалық, аудио және бейне, тағы басқа өнімдер) түпнұсқалығын жедел сәйкестендіру тетігін енгізу жөнінде нақты ұсыныстар енгізу	ИСМ (жинақтау), Қаржымині, Әділетмині	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	2006 жылғы қазан
5.	Авторлық және сабақтас құқықтарды және өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, селекциялық жетістіктерге немесе интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтарды және тауар белгісін заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік көздейтін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 184, 184-1, 199-баптары бойынша қылмыстарды анықтау және тергеу жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру бойынша шаралар әзірлеу	ҚПА (жинақтау), ПМ	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	2006 жылғы желтоқсан

Ескертпе. Аббревиатуралар мен қысқарған сөздердің толық жазылуы:

ИСМ Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
 Әділетмині Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
 ПМ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
 ҚПА Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы министрлігі);
 Қаржымині Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
 БП Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы